

**«6D060600 – Химия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған Қыдырмолов Ақатанның «Өсімдік текстес
шикізаттан наноцеллюлозалық материалдар алу және олардың қасиетін
зерттеу» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына**

ПІКІР

Қыдырмолов Ақатанның диссертациялық зерттеу жұмысы Қазақстандағы майлыш дақыл өндірісінің негізгі түріне жататын күнбағыс тұқымы қауызы мен қарасора өсімдігін микрокристалды целлюлоза (МКЦ) мен наноцеллюлозалық (НЦ) материалдар алушың шикізат көзінде қолдану мүмкіншілігін қарастыру болып табылады.

Зерттеу жұмысының бірден-бір ғылыми жаңалығы – қарасора өсімдігі мен күнбағыс тұқымы қауызынан органосольвенттік тотықтыру әдісін «жұмсақ» жағдайға дейін жетілдіре отырып, МКЦ алу мүмкіншілігін алғаш рет зерттеу болып отыр. Нәктырақ айытқанда, делигнификациялаушы агент - пероксисірке қышқылын алуға қолданылатын бастапқы мұзды сірке қышқылы мен сутек асқын тотығының концентрацияларын 2 есеге дейін төмендетіп, «жұмсақ» жағдайда қарасора мен күнбағыс тұқымы қауызынан шығымы сәйкесінше 50,6% және 47,8%-ға тең болатын МКЦ алынған. Бұл қоршаған ортанды қорғау мен «жасыл химия» бағытына сәйкес екендігінің дәлелі болып тыбылады. зерттеу жұмысында МКЦ-ны целлюлоза нанокристалдарына айналдыра отырып, оның негізінде пленкалық материал алынған. Яғни, зерттеу жұмысы іргелі зерттеу мен қоса практикалық маңыздылығы да толыққанды зерттеген жұмыс деп санауга болады.

Диссидент зерттеу жұмысын орындау барысында заманауи физико-химиялық зерттеу әдістерін қолдана отырып, нәкты және сенімділігі жоғары нәтижелерге кол жеткізген. Оған дәлел ретінде зерттеу нәтижелерінің Scopus және Web of Science базаларына кіретін импакт-факторы бар рейтингілі басылымдарда жариялануы болып табылады.

Диссертациялық жұмыс бойынша докторант қойылған мақсат пен міндеттерді толық орындаған, теориялық және практикалық үлесімділігі жоғары, алынған зерттеу нәтижелері критикалық талқыланып, қорытындыланған және жұмыстың ішкі бірізділігі толық сақталған. Сондықтан, жұмысты логикалық түрғыдан толық аяқталған деп санауга болады.

Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым сапасын қамтамасыз ету комитеті тарапынан қойылған барлық талаптарына сай орындалған. Тексте аздаған орфографиялық және рәсімдеу кезінде кеткен техникалық қателіктер кездеседі. Бірақ, бұл диссертациялық жұмыстың құндылығына кері әсерін тигізбейді. Сондықтан Қыдырмолов Ақатан «6D060600-Химия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Коркыт Ата атындағы Қызылорда
Университеті «Инженерингтік технологиялар
және экология» кафедрасының
зерттеуші-профессоры,
х.ғ.к., ҚР ҮІА Академигі



Н.О. Аппазов